**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 164 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Жоба

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**1-бап**. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; №

24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы, 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық құқықты қорғауды сот, төрелік: құқықтарды мойындату; құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оны бұзуға қауіп төндіретін әрекеттердің жолын кесу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның заңнамаға сәйкес келмейтін актісін жарамсыз немесе қолданысқа жатпайды деп тану; азаматқа немесе заңды тұлғаға құқықты иеленуін немесе жүзеге асыруын кедергі келтіргені үшін мемлекеттік басқару органынан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ заңнамалық актілерде көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады.»;

2) 156-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Биржалық мәмілелер жасасумен байланысты даулар тиісті биржа жанындағы төрелікте қаралады, оның шешімі заңда көзделген жағдайларда сотта даулануы мүмкін.».

2. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24 , 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат;

№ 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; №13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж. , № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 64-құжат; № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 11, 67-құжат; № 14, 84-құжат; № 16; 90-құжат; № 19-II, 94, 96-құжаттар; 2014 жылғы 6 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 19 қарашада « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Дауларды төреліктің шешуіне беру

Соттың қарауына жататын, азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған дау, бұған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған кезде және осы Кодекстің 170-бабының 4) тармақшасына және 192-бабына сәйкес тараптардың келісуі бойынша төреліктің қарауына берілуі мүмкін.»;

2) 61-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сотта іс жүргізуге өкілеттіктер талап-арызға қол қоюдан, медиация жүргізу туралы шарт жасасудан не істі төрелікке беруден, талап-арыз талаптарынан толық немесе ішінара бас тартудан және талап қоюды мойындаудан, талап қоюдың нысанасын немесе негізін өзгертуден, бітімгершілік келісім жасасудан, өкілеттіктерді басқа адамға беруден (сенімді басқа біреуге аудару), соттың қаулысына шағым

жасаудан, сот қаулысын мәжбүрлеп орындатуды талап етуден, берілген мүлікті немесе ақшаны алудан басқа, өкілге өкілдік берушінің атынан барлық процестік әрекеттерін жасауға құқық береді.»;

3) 79-баптың 2-тармағының 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) өз міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы – төрешi;»;

4) 153-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша төреліктің қабылдаған шешімі болса және бұл жөнінде сотқа белгілі болса, бас тартады.»;

5) 154-баптың 1-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) осы немесе басқа бір соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша іс болса;»;

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы келісім жасалса;»;

6) 158-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Іске қатысатын адамдардың, төрелікте талқылау тараптарының арызы бойынша сот талап қоюды қамтамасыз ету үшін шаралар қолдана алады. Егер мұндай шараларды қолданбау соттың шешімін орындатуды қиындатса немесе мүмкін етпейтін болса, талап қоюды қамтамасыз етуге істің кез келген жағдайында жол беріледі.»;

7) 160-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«160-бап. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды қарау

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды судья ол сотқа келіп түскен күні жауапкерге және іске қатысатын басқа да адамдарға, төрелікте талқылау тараптарына хабарламастан шешеді. Судья талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды қарап, ұйғарым шығарады.»;

8) 162-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Іске қатысатын адамның, төрелікте талқылау тараптарының арызы бойынша талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түріне ауыстыруға жол беріледі. Талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түріне ауыстыру туралы мәселені сот іске қатысатын адамдарға арызды қарау уақыты мен орны туралы хабарлай отырып шешеді, алайда олардың келмей қалуы осы мәселені мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді. Талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түріне ауыстыру туралы судья ұйғарым шығарады.»;

9) 170-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тараптарға олардың дауды медиация тәртібімен шешу не осы дауды шешу үшін

төрелікке жүгіну құқығын және мұндай әрекеттің салдарын түсіндіреді;»;

10) 185-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«185-бап. Іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру

Төрағалық етуші іске қатысатын адамдар мен өкілдерге олардың процестік құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде тараптарға олардың дауды медиация тәртібімен шешу не осы дауды шешу үшін төрелікке жүгіну құқығын және мұндай әрекеттің салдарын түсіндіреді.»;

11) 192-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«192-бап. Істі мәні бойынша қараудың басталуы

Істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің талап қоюшы өз талаптарын қолдайтыны-қолдамайтыны, жауапкер талап қоюшының талаптарын мойындайтыны-мойындамайтыны және тараптар істі бітімгершілік келісіммен аяқтауды немесе істі төрелікке қарауға беруді не дауды медиация тәртібімен шешуді қалайтыны-қаламайтыны туралы мәселелерді анықтауынан басталады.»;

12) 18-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«18-1-тарау. Төрелік шешімін орындау

13) 241-1, 241-2, 241-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«241-1-бап. Төрелік шешімін мәжбүрлеп орындату

1. Егер төреліктің шешімі онда белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаса, төреліктің шешімі пайдасына шығарылған төрелікте талқылау тарапы (өндіріп алушы) төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындату туралы арызбен төрелік дауды қараған жердегі не борышкердің тұрғылықты жеріндегі немесе заңды тұлғаның органы орналасқан жердегі, егер тұрғылықты жері немесе орналасқан жері белгісіз болса, онда борышкердің мүлкі орналасқан жердегі сотқа жүгінуге құқылы.

2. Атқару парағын беру туралы арызға мыналар:

1) төрелік шешімінің түпнұсқасы немесе көшірмесі қоса тіркеледі. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік шешімінің көшірмесін осы төрелік соттың төрағасы растайды, нақты дауды шешу үшін төрелік шешімінің көшірмесі нотариатта куәландырылуға тиіс;

2) заңда белгіленген тәртіппен жасалған төрелік келісімнің түпнұсқасы немесе нотариат растаған көшірмесі қоса беріледі.

3. Атқару парағын беру туралы арыз төреліктің шешімін ерікті түрде орындауға арналған мерзім аяқталған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмей берілуі мүмкін.

4. Белгіленген мерзімін өткізіп алып не оған қажетті құжаттар қоса тіркелмей берілген атқару парағын беру туралы арызды сот қарамай кері қайтарады, бұл туралы ұйғарым шығарылады, оған осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

5. Егер сот аталған мерзімді өткізіп алу себептерін дәлелді деп тапса, атқару парағын беру туралы арызды беру мерзімін қалпына келтіруге құқылы.

6. Судья атқару парағын беру туралы арызды сотқа арыз түскен күннен бастап он бес күн ішінде жеке-дара қарайды.

7. Өндіріп алушының төрелік шешімін мәжбүрлеп орындату туралы түскен арызы, сондай-ақ оны соттың отырысында қарау орны мен уақыты туралы сот борышкерді хабардар етеді. Өндіріп алушының арызын қарау орны мен уақыты туралы ол да хабардар етіледі. Егер борышкерден сот отырысына келуі мүмкін болмауының дәлелді себептері көрсетіліп, арызды қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспесе, борышкердің немесе өндіріп алушының сот отырысына келмей қалуы арызды қарауға кедергі болмайды.

8. Сот төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беру туралы арызды қараған кезде төреліктің шешімін мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес.

9. Сот арызды қарау нәтижелері бойынша атқару парағын беру туралы не оны беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Атқару парағын беру туралы соттың ұйғарымы дереу орындалуға тиіс.

241-2-бап. Атқару парағын беру

1. Сот төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беру туралы ұйғарым шығарған кезде атқару парағы осы Кодекстің 236-бабының қағидалары бойынша беріледі.

2. Төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беру туралы арыз бойынша шығарылған соттың ұйғарымына осы Кодексте сот актілеріне шағым жасау үшін көзделген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

241-3-бап. Атқару парағын беруден бас тарту

Сот, егер:

1) төрелікте талқылау тарапы сотқа:

сот төрелік келісім тараптарының бірін әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танығанының;

тараптар қарауға жатқызған төрелік келісімнің заң бойынша, ал мұндай нұсқау болмаған кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жарамсыз екенін;

өзіне қарсы шешім шығарылған тарап төреліктің тағайындалғаны туралы немесе төрелікте талқылау туралы тиісінше хабардар етілмегенінің немесе сот дәлелді деп таныған басқа да себептермен өзінің түсініктемесін табыс ете алмағанының;

сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша сот немесе төрелік шығарған, заңды күшіне енген шешімнің не талап қоюшының талап қоюдан бас тартуына байланысты іс бойынша істің тоқтатылуы туралы соттың немесе төреліктің ұйғарымы болуының;

төреліктің шешім шығаруы сот үкімімен белгіленген қылмыстың жасалуы нәтижесінде мүмкін болғандығының;

төреліктің шешімі төрелік келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына

жатпайтын дау бойынша шығарылғанының не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер бойынша, сондай-ақ даудың төреліктің қарауына жатпайтындығының салдарынан қаулыны қамтитындығының дәлелдемесін табыс етсе, төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Егер төреліктің төрелік келісімде қамтылған мәселелер бойынша шешімдерін осындай келісімде қамтылмаған мәселелер бойынша шешімдерден бөлуге болатын болса, онда төрелік шешімінің төрелік келісімде қамтылмаған мәселелер бойынша шешімі бар бөлігінің ғана күші жойылуы мүмкін.

төрелік құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмегенінің немесе осындайдың болмауынан төрелік орын алған елдің заңына сәйкес келмеуінің;

шешімнің тараптар үшін әлі міндетті болмауының немесе күші жойылуының немесе ол шығарылған елдің заңына сәйкес оның орындалуын сол елдің соты тоқтата тұрғанының дәлелдемесін табыс етсе, төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады;

2) сот осы төрелік шешімді мойындау және орындау Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келеді немесе төрелік шешім шығарылған дау Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелікте талқылаудың нысанасы болып табыла алмайды деп белгілесе, төреліктің шешімін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.»;

14) 247-баптың 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша төреліктің қабылдаған шешімі болса;»;

15) 249-баптың 4), 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) осы немесе басқа бір соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша бұрын қозғалған іс болса;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің шешуіне беру туралы келісім жасалса;»;

16) 312-4-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қайта құрылымдау көзделетін міндеттемелер бойынша талаптарды қанағаттандыру туралы соттардың, төреліктің бұрын қабылдаған шешімдерінің;»;

17) 312-6-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыру, орындалуына орай, қайта құрылымданған міндеттемелер бойынша талаптарды қанағаттандыру туралы соттардың, төреліктің бұрын қабылдаған шешімдері бойынша

міндеттемелердің тоқтатылуына әкеп соғады.»;
18) 39-1-тарау алып тасталсын.
19) 45-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«45-1-тарау. Төрелік шешімдерінің күшін жою туралы істер бойынша іс жүргізу»;
20) 426-1-баптың 2, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Төрелік шешімінің күшін жою туралы өтінішхат төрелік дау қаралған жердегі сотқа беріледі.
3. Егер шешімнің күшін жою үшін осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген мерзім өтіп кетсе және осы Кодекске сәйкес оны қалпына келтіруге негіздер болмаса, судья өтінішхатты қайтарады.»;
21) 426-2-баптың 1, 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Сот төрелік шешімінің күшін жою туралы өтінішхатты осы Кодексте көзделген қағидалар бойынша іс қозғалған кезден бастап он күн ішінде қарайды.»;
«5. Сот төрелік шешімінің күшін жою туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша төрелік шешімінің күшін жою не өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығара алады. Мүдделі тұлғалар соттың ұйғарымына шағым жасай алады.»;
3. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-II, 88-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы.):
78-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) төрешінің міндеттерін атқаруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы - төреші;».
4. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат, 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат ; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-

құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24,125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат ; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 31 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 192-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде басқарушылық, қаржылық, консультациялық, аудиторлық, заң (соттарда, төрелікте өкілдік ету және құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ нотариаттық қызметтер көрсетуді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түсетін табыстар.»;

2) 534-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сотқа берілетін талап-арыздардан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және

өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан;»;

3) 535-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сотқа берілетін талап-арыздардан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) төрелік шешімдердің күшін жою туралы өтінішхаттардан Қазақстан Республикасының сотына мүліктік емес сипаттағы талап-арыз берілген кезде алынатын мемлекеттік баж мөлшерінен, ал мүліктік сипаттағы даулар бойынша – Қазақстан Республикасының сотына мүліктік сипаттағы талап-арыз берілген кезде алынатын және арыз беруші даулап отырған сомаға негізделіп есептелген мемлекеттік баж мөлшерінен – 50 пайыз;»;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парағын беру туралы арыздардан – 500 пайыз;»;

4) 548-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) іс төрелікке берілген;».

5. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 31 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 31 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 14 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан

Республикасының Ұлттық ұланы, Қарулы Күштері және Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 17 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

мынадай мазмұндағы 85-1-баппен толықтырылсын:

«85-1-бап. Төрешінің (төрешілердің), төрелік талқылау тараптарының төрелік талқылауды жүргізу барысында белгілі болған мәліметтерді жария етуі

1. Төрешінің (төрешілердің), төрелікте талқылау тараптарының төрелікте талқылауды жүргізу барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген тараптың рұқсатынсыз жария етуі, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса –

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

6. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138-139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55-58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат;№ 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-II, 94-құжат, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі

жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

59-3-баптың 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қайта құрылымдау жоспарында көзделген шаралар кешенін жүзеге асыруға байланысты банкті қайта құрылымдау тоқтатылған жағдайда, қайта құрылымдау жоспарына енгізілген банк міндеттемелері орындалды деп есептеледі, соттардың, төреліктің осындай міндеттемелер жөніндегі шешімдері бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылады.».

7. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 22, 328-құжат, 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат, № 24, 130-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-II, 96-құжат):

4-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) медиация жүргізу кезінде, төрелікте және дауларды шешетін өзге де органдарда істерді талқылауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысады;».

8. «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014

жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

37-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Астық қоймасын (элеваторды, астық қабылдау пунктін) иеленген не оны сот ( төрелік) шешімін орындау тәртібімен алған адам бұрынғы астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхатынан туындайтын міндеттемелер бойынша астықты қабылдау-өткізу жөніндегі комиссия жасаған және тиісті уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің мемлекеттік астық инспекторы бекіткен астық қалдықтарын түгендеу актісінде белгіленген мөлшерде жауапты болады.».

9. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар, № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 15 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Халықаралық теңіз ұйымының аудитінен өту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

184-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мән-жайлар болып, құтқарушы өзі жүргізген құтқару операцияларының нәтижесінде қоршаған ортаға залалды болғызбаған немесе азайтқан жағдайда, осы баптың 1-тармағына сәйкес құтқарушыға кеме иесі төлейтін арнаулы өтем оған жұмсалған шығыстардың ең көп дегенде отыз пайызына дейін көбейтілуі мүмкін. Сот немесе төрелік осы Заңның 183-бабының 1-тармағында көзделген критерийлерді ескере отырып, арнаулы өтемнің мөлшерін құтқару операциясының барысында құтқарушы жасаған шығыстардың толық сомасына дейін көбейтуге құқылы.».

10. «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 4-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 6, 46-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес инвестициялық дауларды шешу мүмкін болмаған жағдайда дауларды шешу Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында, сондай-ақ тараптардың келісімімен айқындалатын төреліктерде жүргізіледі.».

11. «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 88-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 7, 29 -құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 20, 151-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 15-құжаттар; 2013 ж., № 15, 76, 82-құжаттар; № 20, 113-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-II, 96-құжат):

27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер шартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулардың осы баптың 1-тармағына сәйкес шешілуі мүмкін болмаса, онда тараптар дауды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сот тәртібімен, сондай-ақ «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төрелікке жүгіну арқылы шешуге құқылы. Ерекше маңызы бар концессиялық жобаларға қатысты концессионер акционерлерінің (қатысушыларының) ең болмағанда біреуі Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, халықаралық төрелік тараптардың келісімі бойынша айқындалады.».

12. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17 , 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-

құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат ; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6, 9-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 12 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дамуға ресми көмек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың 1-тармағының 34) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«34) төрелікте немесе халықаралық коммерциялық төрелікте және шетелдік сот органдарында мемлекеттің не тапсырыс берушілердің мүдделерін қорғау және білдіру жөніндегі консультациялық және заң қызметтерін сатып алу;»;

2) 37-бап мынадай мазмұндағы 11-3-тармақпен толықтырылсын:

«11-3. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша туындаған немесе туындауы мүмкін дауларды төреліктің қарауына беру көзделген жағдайда, тиісті сала уәкілетті органының көрсетілген шартқа төрелік келісімді жасасуға жазбаша келісімі қоса тіркелуге тиіс.».

13. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 15, 97-құжат ; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 30 желтоқсанда « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Биржалық төреліктің қызметі Қазақстан Республикасының төрелік туралы заңнамасында реттеледі.».

14. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24; 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; №; 19-II, 94, 96-құжаттар, 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 31 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) төреліктің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары;»;

2) 11-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) төреліктің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары – үш жыл ішінде;»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) төреліктің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілген атқару парақтарын орындау кезінде – шешім күшіне енгеннен кейінгі күннен бастап;».

15. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-II, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «

Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы; 2014 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«22-бап. Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына құқығы

Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды тиісті мемлекеттік органдар, сот, төрелік өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.».

16. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; № 12, 82-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес төрелікті құрады;».

17. «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-ІІ, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының

Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 32-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына кіретін кредиторлардың, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иелерінің (олар уәкілеттік берген органдардың), құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкердің мүлкіне қатысты талап қою бойынша соттардың, төреліктің бұрын қабылдаған шешімдерін орындау жеделдетілген оңалту рәсімін тоқтату туралы сот шешім шығарғанға дейін тоқтатыла тұрады;»;

2) 36-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) оңалту жоспарына енгізілген біртекті кредиторлар тобына кіретін кредиторлардың, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иелерінің (олар уәкілеттік берген органдардың), құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкердің мүлкіне қатысты талап қою бойынша соттардың, төреліктердің бұрын қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;»;

3) 50-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есептемегенде, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауапты болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, соттардың, төреліктің, салық органдарының, сондай-ақ меншік иелерінің (құрылтайшылардың, қатысушылардың) немесе борышкер органдарының борышкер мүлкіне қатысты бұрын қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;»;

4) 68-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды есептемегенде, төлеу мерзімі оңалту рәсімін қолданғаннан кейін басталған, өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауапты болатын азаматтарға төленетін төлемдерді қоспағанда, соттардың, төреліктің, салық органдарының, сондай-ақ борышкер мүлкінің меншік иелерінің (олар уәкілеттік берген органдардың), құрылтайшылардың (қатысушылардың) борышкер мүлкіне қатысты қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;».

18. «Кәсіптік одақтар туралы» 2014 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 11, 66-құжат):

16-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қою беруге, медиация жүргізу кезінде, сотта, еңбек төрелігінде немесе төрелікте, мемлекеттік органдарда олардың мүдделерінде әрекет етуге, оларға өзге де құқықтық көмек

көрсетуге;».

**2-бап**. Осы Заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК